

**COVID-19 коронавирустық инфекцияға байланысты карантин кезеңінде
Нұр-Мұбарак ЕИМУ-де қашықтықтан білім беру технологияларын
қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық
(16.03.2020 ж. бастап)**

(Нұсқаулық университеттің академиялық мәселер жөніндегі департаменті,
оқу-әдістемелік басқарма және сапа менеджменті жүйесі бөлімдері
тарапынан әзірленген)

1. 16.03.2020 ж. бастап бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім алушыларға арналған барлық сабақтар қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы қашықтықтан оқыту формасына көшіріледі.

2. Коронавирусты инфекция бойынша карантинге байланысты оқу кезеңінде оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқытуды ұйымдастырудың бекітілген қағидаларына сәйкес белгіленеді. (Толығырақ қараңыз: Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі)

3. Білім алушылардың барлық аудиториялық жұмысы ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытушылармен және басқа да білім алушылармен виртуалды қарым-қатынас форматына ауыстырылады.

4. Пән оқытушылары оқу сабақтарын «Платонус» оқу үрдісін автоматтандыру платформасы базасында өткізеді. Дәріс сабақтарын оқытушы бұрынғы бекітілген сабақ кестесі негізінде онлайн немесе офлайн түрінде сабақ өткізіп, «Платонус» платформасына тиісті сілтемелерді орналастыру арқылы немесе басқа да сандық білім беру ресурстары (Zoom және т.б.), WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер мен элеуметтік желілерде алдын-ала жазылған дәріске сілтеме орналастыру арқылы жүргізе алады. Семинар және практикалық сабақтар бейнеконференция форматында онлайн-режимде немесе білім алушымен кері байланыс офлайн арқылы (WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер, электрондық пошта арқылы) өткізіледі.

5. Оқытушылар білім алушылар үшін өзара іс-қимыл форматы туралы ақпаратты (уақыт, формат (форум, сұхбат, бейнеконференция) «Платонус» платформасының «Хабарландыру», «Тапсырма» немесе «Оқу кейстері» модульдері арқылы немесе WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер арқылы жариялайды.

6. Оқытушылар білім беруге қатысты материалдардың сілтемесін қою, жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтықтан оқыту жүйесіне кіреді.

7. Сабақтар бұрын бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. ҚБТ көмегімен өткізілетін сабақтарға білім алушылардың қатысуын бақылауды пән оқытушысы, шығарушы кафедра және офис-регистратор жүзеге асырады.

8. Білім алушылардың дербес компьютерге немесе интернетке шығатын мобильді құрылғыға қол жеткізгендігін куратор және кафедралар қадағалауы қажет.

9. Білім алушылар бекітілген силлабусқа сәйкес оқу материалын оқытушы сабақ беру барысында қолданатын «Платонус» платформасы, сандық білім беру ресурстары, WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер көмегімен толық меңгереді.

10. Білім алушылар орындалған тапсырмаларды «Платонус» платформасы, WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер, электрондық пошта арқылы оқытушыға ұсынады.

11. «Платонус» платформасы арқылы жауапты мамандар, кафедралар, оқу-әдістемелік басқарма оқытудың сандық және сапалық көрсеткіштерінің мониторингін жүзеге асырады, соның ішінде: - білім алушылардың академиялық белсенділігіне (ПОӘК-ға, оның жеке ресурстарына, элементтеріне және жүгіну жиілігіне); оқытушылардың жұмысына (белсенділігіне) (пәндерді меңгеру кестесіне сәйкес білім алушыларға кеңес беру және олардың орындайтын жұмыстарын рецензиялау жиілігіне).

12. Университеттің қашықтықтан білім беру үдерісін Университет проректоры бекіткен эксперттік комиссия қадағалайды.